

**А.Ә. Жүнісбаев**

(Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,  
ғылыми қызметкер)

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ (1925-1928 ЖЖ.)**

**Аннотация**

Мақалада осы күнге дейін ғылыми айналымға тартылмаған тың мұрағат құжаттарының негізінде қазақ жерінде бой көтерген тұңғыш жоғары оқу орны – Қазақ Мемлекеттік университетінің (қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ) құрылу тарихы жан-жақты зерттелген. Автор тарихи құжаттардың мәліметтерін кең түрде пайдалана отырып, ҚазМУ-дың құрылу тарихын жеке процесс ретінде хронологиялық тәртіпте баяндап шыққан. 1924 жылы күзде іс жүзіне асырылған ұлттық-мемлекеттік межелеудің қорытындысында Қазақ АКСР-і 1924-1928 жылдар аралығында білім және халық ағарту салаларына қажетті педагогикалық кадрлар республикадан тыс жерде даярлауға мәжбүр болды. Жалпыреспубликалық маңызға ие болған ҚазМУ-ды құру ісіне О. Жандосов, С. Асфендиаров, Т. Рысқұлов, Ә. Досов сынды танымал қазақ қайраткерлері белсене ат салысты. Осы қайраткерлердің жігерлік танытуы арқасында РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі 1927 жылы қаңтарда ҚазМУ-ды құру туралы шешімге өз келісімін беріп, университетті ұйымдастыру бағытындағы шаралар қолға алына бастады. Н.Н. Нариманов атындағы Мәскеу Шығыстану институтының директорлық қызметінен арнайы Қазақстанға шақыртылған және университеттің алғашқы ректоры қызметіне тағайындалған С. Асфендиаровтың күш салуымен 1928 жылы күзде бой көтерген ҚазМУ қысқа уақыт ішінде еліміздегі педагогикалық кадрларды даярлаудың басты орталығына айналды.

**Түйін сөздер:** Санжар Асфендиаров, Қазақ Мемлекеттік университеті, Қазақ АКСР-і, Ағарту халық комиссариаты, ректор

Кеңес билігінің алғашқы жылдарында Қазақстандағы білім беру және оқу-ағарту жүйесі түбегейлі өзгеріске ұшырады. Революцияға дейін Қазақстанда білікті мамандарды даярлайтын бірде-бір жоғары оқу орны мен техникумның болмауы салдарынан кеңестік негіздегі жаңа зиялы қауымды құру, әсіресе жергілікті ұлт өкілдерінен педагогикалық кадрларды даярлау ісі көптеген қиындықтарға тап болды. РКФСР-дың ең ірі автономиялы республикалардың бірі болған Қазақ АКСР-де 25-ке жуық халықтар мен этностар өмір сүріп, олар мәдени дамудың әр түрлі сатыларында орналасты. Жергілікті халық арасында сауатсыздық кең етек жайып, жекелеген халықтар өз жазу үлгісіне ие болмады. Патша үкіметінің отарлау және орыстандыру

саясатының қорытындысында республикада бастауыш және орта оқу орындары үшін жарамды ғимараттардың тапшылығы, жергілікті тілдерде оқу құралдары мен әдебиеттің жарық көрмеуі, біліктілігі жоғары мамандардың, ең алдымен мұғалімдердің өткір жетіспеушілігі айқын сезілді. 1923-1924 жылдары елде халық шаруашылығының біртіндеп қалпына келе бастауы білім беру және ағарту салаларына мемлекеттік және жергілікті бюджеттерден бөлінетін қаржы көлемінің жыл сайын ұлғайып отыруына түрткі болды. Егер 1924-1925 оқу жылында білім беру саласына жергілікті республикалық бюджеттен 1 346 642 сом бөлінген болса, 1925-1926 оқу жылында бұл сомма 57,3 пайызға артып, 2 125 260 сомды құрады [1].

1920 жылдардың басында республикада халық шаруашылығы және мәдениет салалары үшін білікті кадрларды дайындау үшін кәсіптік-техникалық оқу орындарының тұтастай желісін ұйымдастыру ісі қолға алынды. 1928 жылға қарай Қазақ АКСР-нің Ағарту халық комиссариатының мәліметі бойынша елде 1 педагогикалық жоғары оқу орны (Қазпедвуз), 3 халыққа білім беру институты, 14 педагогикалық, 6 ауыл шаруашылық, 2 орман, 2 мал дәрігерлік-зоотехникалық, 2 акушерлік, 1 медициналық, 1 өнеркәсіптік-экономикалық техникум, сондай-ақ 2 кәсіптік-техникалық және 3 фабрикалық-зауыттық мектеп, 15-ке жуық қысқа мерзімді курстар, II дәрежелі мектептердің жанындағы 10 кәсіптік сынып қызмет етті. 1927-1928 оқу жылында жоғары аталған орта оқу орындарында барлығы 5134 адам білім алып, олардың 2877 қазақ ұлтының өкілдері еді [2].

Қазақстанда білікті педагогикалық кадрларды даярлау ісінде жоғартылған типтегі оқу орындарының қатарына жатқан Орынбордағы халыққа білім берудің практикалық және шығыс (татар) институттары (ПИНО мен КИНО), Ташкенттегі Қазақ ағарту институты, Семей мен Алматы қалаларындағы аралас институттар айтарлықтай маңызға ие болды. Алғашқы жылдары аталған оқу орындарының бітіруші түлектердің саны өте төмен болды. Мысалы, 1925-1926 оқу жылында Орынбордан жаңа астанаға – Қызылордаға көшірілген Қазақ халыққа білім беру институтын небәрі 10 адам бітіріп шықты [3].

1928 жылға дейін республика үшін жоғары білімді педагогикалық кадрларды даярлау Қазақстаннан тыс жерде өтті. Бұған ең алдымен 1924 жылы Орта Азия республикаларының ұлттық-мемлекеттік межеленуінің қорытындысында Түркістан Республикасының саяси-әкімшілік орталығы міндетін атқарған Ташкент қаласының Өзбек КСР-ның құрамына өтуі себеп болды. Ташкентте бұл уақытта тек Өзбекстан үшін ғана емес, бүкіл Орта Азия халықтары үшін жоғары білімді мамандарды даярлайтын екі маңызды орталық – Орта Азия мемлекеттік (бұрынғы Түркістан мемлекеттік университеті) және Орта Азия коммунистік университеттері қызмет етті. Сонымен қатар, Ташкентте Қазақ ағарту институты да шоғырланды. Алайда, алғашқы екеуі Өзбек КСР-не қараған болса, Қазақ ағарту институты тек формальды түрде Ташкентте орналасып, Қазақ АКСР-нің меншігі болып саналды. 1927-1928 оқу жылында Қазақстаннан тыс жерде, дәлірек айтқанда Мәскеу, Ташкент, Ленинград, Саратов, Томск, Омск, Астрахань, Воронеж,

Қазан, Самара, Владивосток, Ростов-на-Дону және Иркутск қалаларында шоғырланған жоғары оқу орындарында әр түрлі мамандықтар бойынша 1349 қазақстандық студент (солардың ішінде 559-ы қазақ жастары) білім алып, оларды осы оқу жылында шәкіртақымен қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджеттен 169 620 сом қаржы бөлінді [4]. Алайда, республикадан сырт жерде білім алу қазақстандық жастар үшін оңайға соқпады, олардың айтарлықтай бөлігі материалдық тапшылықтың салдарынан өз оқуларын тастап кетуге мәжбүр болды. Мысалы, 1927-1928 оқу жылында Қазақстаннан тыс жердегі жоғары оқу орындарын бар-жоғы 101 (оның ішінде 32-і қазақ), ал келесі 1928-1929 оқу жылында небәрі 82 (оның ішінде 15-і қазақ) түлек қана аяқтап шығып, елге қайта оралды [5].

1924 жылы Орта Азия республикаларының ұлттық-мемлекеттік межеленуі және 1925-1926 жылдары РКФСР-да жүргізілген әкімшілік-территориалдық бөліністің нәтижесінде Қазақ АКСР-і революциядан кейін халық шаруашылығының негізгі салалары үшін білікті мамандарды даярлаудың мәдени және ғылыми орталықтардың міндетін атқарған Ташкент, Омбы және Орынбор қалаларынан қол үзуге мәжбүр болды. Егер Орынбор қаласында шоғырланған Қазақ білім беру институты өзіне тиесілі материалдық базамен бірге Қызылордаға көшірілген болса, Ташкенттегі Қазақ ағарту институты бұрынғы жерінде қалып қойды. Республикада ірі ғылыми-мәдени орталықтың жоқтығы қазақ халқының ұлттық сана-сезім деңгейінің артуын тежеп қана қоймай, жоғары оқу орындардың және ғылыми-зерттеу орталықтардың құрылуына айтарлықтай кедергі келтірді. Қазақ АКСР-де жоғары оқу орнының болмауы жоғартылған типтегі оқу орындарын (7 жылдық және II дәрежелі мектептер, кәсіптік техникумдар, халыққа білім беру институттары) қазақтандыру, жергілікті ұлт өкілдерінен маман даярлау процесінің қарқын ала алмауына да өз септігін тигізді.

1920-шы жылдары Қазақстанда қызмет еткен орта оқу орындары экономикалық және мәдени жағынан қарқынды дамып келе жатқан жас республиканың барлық қажеттіліктерін толықтай өтей алмады. Қазақ АКСР-нің Ағарту халық комиссариатының 1926-1931 жылдарға құрастырып шыққан перспективті жоспарына сәйкес республикада 5 жылдың ішінде 283 жоғартылған типке жататын жаңа оқу орындарын ашу және олардың қалыпты қызметін қамтамасыз ету үшін 3 мыңнан аса жоғары білімді педагогтарды даярлап шығару шаралары белгіленді [6]. Комиссариаттың жасаған санақтарына сәйкес 5 жылдың ішінде РКФСР-дың жоғары оқу орындарында 800-ге дейін маманды даярлап шығу ғана мүмкін болды, ал қалғандарын Қазақстанның өз ішінде дайындау жоспарланды. Сонымен қатар, бес жылдық перспективті жоспарда Қазақстанның денсаулық сақтау саласына 6 мыңға жуық медицина саласының қызметкерлері қажет екендігі көрсетілді. Мұндай көп санды қызметкерлерді Қазақстаннан тыс жерде қысқа уақыт мерзімде даярлап шығару мүмкін болмағандықтан, жоспар бойынша оларды ең алдымен республикада медициналық жоғары және арнайы оқу орындарын ұйымдастыру арқылы даярлап шығару көзделді. Қазақ АКСР-нің Жер шаруашылығы халық комиссариатының жасаған санағы бойынша 1926-

1931 жылдары Қазақстанда ауыл шаруашылық саласы үшін 3,5 мыңнан аса мамандарды шұғыл түрде даярлау қажет болды [7].

Республика басшылығы елде айқын сезілген педагогикалық кадрлардың тапшылық мәселесін ішінара Ташкент қаласында орналасқан Қазақ ағарту институтының арқылы шешуге тырысты. Қазақ АКСР-нің Ағарту халық комиссариаты коллегиясының шешімімен Ташкенттегі Қазақ ағарту институтының атауы 1925 жылы 8 қазанда Қазақ педагогикалық институты болып ауыстырылды. 1926 жылы 1 шілдеде өткен Қазақ АКСР-нің Халық Комиссарлар Кеңесінің мәжілісінде Қазақ АКСР-нің Орта Азиядағы өкілетті өкілі Т. Жүргеновтың Ташкенттегі Қазақ педагогикалық институты туралы жасаған баяндамасы тыңдалып, соның негізінде 7 пункттен тұрған қаулы қабылданды. Бұл қаулыға сәйкес осыған дейін қызмет етіп келген Қазақ педагогикалық институты таратылып, оның орнында Қазақ жоғарғы педагогикалық институты («Казпедвуз») ұйымдастырылды [8]. Бұрынғы педагогикалық институттың барлық мүлкі (орналасқан ғимараты мен жері, оқу құрал-жабдықтары мен кітапханасы, қаржысы) толығымен Қазпедвуздың қарауына өтіп, оған Қазақ АКСР-нің Жер шаруашылығы халық комиссариатының Су басқармасының ғимараты және Қарақалпақ өкілдігінің үйі берілді. Сонымен қатар, осыған дейін ректор міндетін атқарып келген Д.Сарсенов қызметтен босатылып, оның орнына 1926 жылдың 15 тамызда Т.Жүргенов тағайындалды [9, С. 7.]. Аталған институттың жанында педагогикалық училище және қысқа мерзімді педагогикалық курстар ұйымдастырылып, оларда Х. Досмұхамедов, І. Қабылов, Т. Жүргенов сынды танымал қайраткерлер оқытушылық қызметпен айналысты.

Қазақстанда жоғары оқу орындарды ұйымдастыру мәселесі Қазақ АКСР-нің құрылған күнінен бастап маңызы жоғары мәселелердің қатарына кірді. Алайда, бірнеше жыл бойы бұл мәселенің шешілуі жоғарғы кеңес басшылығы тарапынан үнемі кейінге қалдырылды. Тек, 1925 жылы 4 тамызда ғана РКФСР Ағарту халық комиссариатының қабылдаған қаулысында жақын арадағы 5-7 жылдың ішінде Қазақстанда педагогикалық және жергілікті шаруашылық факультеттері бар жоғары оқу орнын ұйымдастыру қажеттілігі мойындалды. 1925 жылдан бастап республиканың астанасы міндетін атқарған Қызылорда қаласында жоғарғы оқу орны үшін жарамды болатын ғимараттың, сондай-ақ білікті ғылыми қызметкерлердің тапшылығы салдарынан Ташкенттегі халыққа білім беру институты педагогикалық жоғары оқу орны ретінде қайта құрылғанымен, сол жерде қалып қойды. 1927-1928 оқу жылында Қазпедвуз РКФСР-дың жоғары оқу орындар желісінің құрамына еніп, толықтай мемлекеттік бюджеттің қаржылануына өтті.

1926-1927 жылдары республиканың жоғарғы кеңес органдарында жоғары оқу орнын құру, оның болашақ орналасу жері мен құрылымы, профессорлық-оқытушылық құрамы, материалдық базасы жайлы қызу пікірталастар орын алды. 1927 жылы наурызда өтуі жоспарланып отырған Бүкілқазақ кеңестерінің VII съезінде Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орнын құру туралы мәселенің мақұлдануына қол жеткізу мақсатында 17

наурызда Қазақ АКСР-і Ағарту халық комиссариатының коллегиясы арнайы қаулы қабылдайды. Оның алғашқы екі бөлімінде Қазақ АКСР-де жоғарғы оқу орнын ашу қажеттілігі жан-жақты негізделген болса, соңғы үшінші бөлімінде төмендегідей тәжірибелік іс-шараларды атқару белгіленді: 1) Ташкенттегі Қазпедвуздың негізінде құрамында педагогикалық, ауыл шаруашылық және медициналық факультеттері бар Қазақ Мемлекеттік университетін 1927-1928 оқу жылының басында ашу; 2) Ағарту халық комиссариатының бес жылдық құрылыс жоспарына Алматы қаласында университетке арналған ғимарат тұрғызуды енгізу; 3) Жетісу губерниялық атқару комитетінен ҚазМУ орналаса алатын уақытша ғимаратты іздестіруді және қажет болған жағдайда шұғыл түрде қосымша құрылысты жүргізуді сұрау; 4) университетті ғылыми қызметкерлермен қамтамасыз ету ісіне арнайы көңіл бөлу, осы мақсатта сырттан Қазақстанға жұмысқа алынатын ғалымдар үшін арнайы жеңілдіктерді қарастыру; 5) университет үшін ғимарат тұрғызу қорына қаражат бөлдірту мәселесін жоғарғы басшылықтың алдына қою; 6) осыған дейін Қазақстан үшін қызмет еткен жоғары оқу орындары тарапынан ҚазМУ-ды ұйымдастыру ісіне қолғабыс көрсету, олардың материалдық базасын Алматыға көшіру мүмкіндіктерін қарастыру; 7) Қазпедвуздың басқармасына университеттің ұйымдастыру жоспарын және шығындар сметасын құрастыру, оларды Ағарту комиссариатына және Халық Комиссарлар Кеңесіне бекіту үшін ұсыну және тағы басқа [10].

1927 жылы 23 наурызда Қазақ АКСР-нің Халық Комиссарлар Кеңесі республикада жоғары оқу орнын – ҚазМУ-ды ұйымдастыру туралы мәселені талқылай келіп, Ағарту халық комиссариатына Ташкенттегі Қазпедвузды университет ретінде қайта ұйымдастыру мүмкіндігін, сондай-ақ бір ай мерзімде Қазпедвузды Ташкенттен Алматыға көшіру мәселесін қарастыруды, Жетісу губерниялық атқару комитетімен Қазпедвуз, кітап палатасы, орталық мұражай және Қазақстанды зерттеу қоғамы үшін қажетті ғимараттарды бөлу туралы келіссөз жүргізуді, Қазпедвуз үшін профессорлық-оқытушылық құрамды анықтау және оны жұмысқа тартудың шұғыл шараларын қолға алуды тапсырды [11].

Қазақ АКСР Ағарту халық комиссариаты жетекшілігінің барлық талпыныстарына қарамастан 1927-1928 оқу жылының басында республикада тұңғыш жоғары оқу орнын ашу ұмтылысы іс жүзіне аспай қалды. Қазақстанның өз ішінде ҚазМУ-ды құру қажеттілігі жоғарғы билік органдарымен мойындалып, бұл мәселе бойынша қажетті қаулылар қабылданғанымен, ақырғы шешім шығару РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің және РКФСР Ағарту халық комиссариатының, оның жанындағы Кәсіптік білім берудің бас басқармасының құзырында еді. Жоғарғы кеңес басшылығы алдына ҚазМУ-ды құру туралы мәселені қою үшін Ағарту халық комиссариатының жетекшілігі осы уақытта Орталықта қызмет етіп, саяси беделге ие болған қазақ қайраткерлері – РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары Т. Рысқұловтың, КСРО және БОАК Орталық Атқару Комитеттерінің мүшесі, Н. Нариманов атындағы Шығыстану институтының ректоры С. Асфендиаровтың, РКФСР БОАК төралқасы

жанындағы Ұлттар бөлімінің меңгерушісі Ә. Досовтың, Шығыс халықтары орталық баспасы басқармасының төрағасы Н. Төрекұловтың қолдауына тірек артып, Қазақ АКСР-нің БОАК жанындағы өкілетті өкілдіктің қызметкерлерімен бірлесе отырып әрекет етуге ұмтылыс танытуы түсінікті жағдай еді. 1926-1927 жылдары Қазақ АКСР Ағарту комиссарының орынбасары қызметін атқарып келген Д. Авксентьевскийдің БКП (б) Орталық Комитетінің шешімімен Мәскеу қаласына қызметке ауысуы осы бағыттағы жұмыстың жаңа қарқынмен жүруіне өз септігін тигізді. ҚазМУ-дың мәселелерін Орталықта шешу үшін арнайы Ұйымдастыру бюросы Мәскеу бөлімінің құрылуы да істің алға басуына ықпал етті. Оның құрамынан мүше ретінде С. Асфендияров, Н. Төрекұлов, М. Мырзағалиев, хатшылары ретінде Г. Черданцев пен В. Көшербаев орын алды.

Қазақ Мемлекеттік университетінің ашу мәселесінің тарихында 1928 жылдың алғашқы жартысында жоғарғы кеңес органдары қабылданған қаулылар шешуші маңызға ие болды. 1928 жылы 24 қаңтарда өткен Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің мәжілісінде республикада жоғары оқу орнын ашу туралы мәселе қаралады. Мәжіліс ХКК-нің 1926 жылы 2 маусымда және 1927 жылы 23 наурызда қабылдаған қаулыларды қайта бекітіп, Ағарту халық комиссариатының бес жылдық перспективті жоспарына және РКФСР Ағарту халық комиссариаты ЖОО бөлімінің жанындағы кеңестің 1927 жылы 8 желтоқсанда қабылдаған қаулысына сәйкес 1928-1929 оқу жылының басында Алматы қаласында 4 бөлімнен және 2 курстан тұратын педагогикалық факультеті бар университет типіндегі жоғарғы оқу орнын ашу қажеттілігін мойындап, бұл мәселені РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің алдына қою туралы шешім шығарады. Қаулы бойынша болашақ ҚазМУ-дың қарауына Алматыдағы педагогикалық техникум, тәжірибелік мектеп және Ағарту халық комиссариаты жайғасып отырған ғимараттарды беру ұйғарылды. Сонымен қатар, ҚазМУ-ды ғылыми-педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында шалғай жерлерде жұмыс жасау ережесіне сәйкес ғылыми қызметкерлерге тиесілі болған барлық жеңілдіктерді беру қарастырылды. Жыл сайын республикалық бюджеттен ҚазМУ-дың қажеттіліктеріне 100 мың сомнан кем емес қаражатты бөлу бекітіліп, Қаржы және Ағарту халық комиссариаттарына бір ай мерзімнің ішінде 1928 жылы Алматы қаласындағы ҚазМУ үшін бөлінген ғимараттарды, физика кабинетін және химия лабораториясын жабдықтауға жұмсалатын қаржының көлемін анықтау ісі тапсырылды [9, С. 36-38]. ҚазМУ-дың ашылуын кезек күттірмейтін іс деп тапқан Халық Комиссарлар Кеңесі Ағарту халық комиссариатына 1928 жылдың жаз маусымында университетке бөлініп отырған ғимараттарды жөндеуден өткізуді; 1928 жылы педагогикалық факультеттің 1 және 2-ші курстарына 180-200-ден кем емес адам оқуға қабылданатындығын ескере отырып, қызметке алынатын ғалымдар мен оқытушылардың тізімін нақтылауды ұсынды. ҚазМУ-ды құруға бағытталып отырған негізгі іс-шаралар анықталынып, оның құрылуы құжаттық негізде республиканың жоғарғы кеңес органдарымен ресми заңдастырылған соң, Қазақ АКСР ХКК-і Ағарту халық комиссарының

орынбасары Д. Авксентьевскийге РКФСР Ағарту халық комиссариатының және Кәсіптік білім беру Бас басқармасының коллегияларында, РКФСР-дың Мемлекеттік жоспарлау комитетінде 1928-1929 оқу жылында Қазақстанда жоғары оқу орынды ашу туралы мәселені оң шешілуіне қол жеткізу міндеті жүктелінді [9, С. 40].

1928 жылы 21 наурызда Қазақ АКСР-нің БОАК жанындағы өкілетті өкілдігі Қазақ АКСР-і Халық Комиссарлар Кеңесінің және Ағарту халық комиссариатының атына хат жолдап, онда өкілдіктің қызметкерлері Д.Авксентьевскийдің белсене араласуымен Қазақстанда ЖОО-ды ашу мәселесін РКФСР-дың Ағарту халық комиссариатындағы талқылаудан оң шешіммен өткізгендігі туралы хабарлайды [12]. 1928 жылы 9 наурызда өткен РКФСР Ағарту халық комиссариаты коллегиясы төралқасының мәжілісі Алматыда құрамында 3 факультеті бар Қазақ Мемлекеттік университетінің ең алдымен педагогикалық факультетін 1928 жылдың 1 қазанынан ашу қажеттілігін мойындады. Сонымен қатар, хатта Ағарту комиссариатының бұл қаулысы жақын күндері РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің бекітілуіне ұсынылатындықтан, өкілдіктің қызметкерлері осы мәселенің оң жағынан шешуге ықпал ету үшін Т. Рысқұловпен байланысқа шығып, одан қолдау көрсету сұрағандығы туралы да айтылды [13]. Нақ осы кезеңде, Орталықта ҚазМУ-дың болашақ тағдыры шешіліп жатқан болатын. Өйткені, жоғарғы кеңес органдарының барлығы бірдей ҚазМУ-ды құру идеясына толықтай қолдау білдірмеді. Мысалы, РКФСР Мемлекеттік жоспарлау комитеті бұл мәселе бойынша еш қарсылық білдірмесе, Жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссариатының пікірінше, Қазақстанға ең алдымен педагогикалық ЖОО гөрі, мал дәрігерлік ЖОО көбірек қажет деп тапты. РКФСР Қаржы халық комиссариаты өз кезегінде ҚазМУ-ды құрудың жалпы қаржы жоспарымен толықтай таныспайынша өз келісімін беруден бас тартты.

РКФСР-дың орталық ведомстволары мен салалық комиссариаттарының алдынан Қазақстанда ЖОО құру мәселесін өткізу үшін Д. Авксентьевский 500-ден астам іскерлік келіссөздер өткізіп, оны құру қажеттілігін дәлелдейтін көлемді баяндама-хат даярлап шығарған болатын. Осы баяндамамен Д.Авксентьевский РКФСР Кіші Халық Комиссарлар Кеңесінің барлық мүшелерін таныстырып шығып, істің оң шешілуіне орасан зор үлес қосты. Д.Авксентьевскийге Орталықтағы қызмет еткен қазақ қайраткерлері де мүмкін болатын жан-жақты қолдау көрсетті. Қарқынды түрде атқарылған жұмыстың қорытындысында, 1928 жылы 10 сәуірде өткен РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің мәжілісінде Қазақстанда ЖОО құру туралы РКФСР Ағарту Комиссариатының қаулысы бір ауыздан бекітілді [14].

Бұл жағдай туралы РКФСР БОАК жанындағы Қазақ АКСР-нің өкілетті өкілінің орынбасары Ромин Қазақ республикасының үкіметіне 1928 жылы 14 сәуірде жолдаған хатында былайша баяндап берген: «Үстіміздегі жылдың 10 сәуірінде жарық көрген РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысына байланысты Алматыда 1 қазаннан бастап Қазақ Мемлекеттік университетін құру үшін университетті құру бойынша комиссия құру қажет. Бұл комиссияның жұмысы Алматыда өтуге тиіс, бірақ комиссияның екі ақылы

мүшесінің бірі Мәскеудегі Қазақ өкілдігінің жанында болуы шарт. Ол Қазақ үкіметінің өкілетті өкілі ретінде РКФСР-дың орталық мекемелерінде ұйымдастырылып отырған университеттің, сондай-ақ Алматыда мал дәрігерлік-зоотехникалық институттың және жұмысшы факультетінің ашылуына даярлық жұмыстарын жүргізумен айналысады. БОАК жанындағы Қазақ өкілдігі Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесін Университетті ұйымдастыру бойынша комиссия туралы ереженің жобасын шұғыл түрде қарап бекітуін, сондай-ақ оны бекіткен соң РКФСР Ағарту халық комиссариаты мен Қазақ өкілдігіне көшірмесін жіберуді сұрайды. Университетті ұйымдастырушының қызметіне кандидаттарды қарастыру мәселесі бойынша өкілдік жақын арада Халқомға өз ойларын жеткізетін болады» [15].

Қазақстандағы тұңғыш университетті құру мәселесі қаншалықты қиынға соққандығы туралы Д. Авксентьевскийдің 1928 жылы 14 сәуірде Мәскеудегі Қазақ өкілдігінің жанында өткен кеңесте жасаған баяндамасынан көруге болады. Ф. Голощекиннің төрағалығымен өткен кеңесте Д. Авксентьевский өз баяндамасында осы бағытта атқарылған жұмыстарға және қол жеткізген табыстарға жан-жақты тоқталып өткен. Д. Авксентьевскийдің жасаған баяндамасының негізінде кеңес төмендегідей пункттерден тұратын қаулы қабылдаған болатын: 1) Қазақ АКСР-і Ағарту халық комиссариатының жанынан Ұйымдастыру комиссиясын құру, оның құрамын анықтау Қазақ республикасын үкіметіне тапсыру; 2) Д. Авксентьевскийге Мәскеуде ҚазМУ-ды құру бағытында атқарған қызметі туралы баяндаманы даярлау, сондай-ақ ЖОО-ның ұйымдастыруға байланысты қажетті іс-шаралардың кешенін жасап шығару, Ұйымдастыру комиссиясын туралы ереже, оның жұмыс жоспары мен құрамы бойынша өз ойларын білдіру; 3) Д. Авксентьевскийді ЖОО қаржы сметаларын, оны нығайту жоспарын құрастыру, осы мәселе бойынша РКФСР-дың Ағарту және Жер шаруашылығы комиссариаттарының жұмыстарына Қазақ АКСР Ағарту халық комиссариатының өкілетті өкілі ретінде Мәскеуде қалтыру қажет деп табу [16].

Осы кеңестің қабылдаған қаулысын орындай отырып, 1928 жылы 16 мамырда Д. Авксентьевский Қазақ АКСР-нің Халық Комиссарлар Кеңесіне ҚазМУ-ды құруға қатысты 1928 жылдың 11 сәуір мен 16 мамыр аралығында атқарған қызметі жайлы үш бөліктен тұратын есепті баяндаманы ұсынады. Құжаттан көріп отырғанымыздай, Д. Авксентьевский қысқа уақыт ішінде ҚазМУ-дың ұйымдастырушысы және оның алғаш ректоры қызметіне қарастырылған кандидаттармен, РКФСР Кіші Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы В. Смольяниновпен ҚазМУ-ды құру туралы мәселені РКФСР-дың Үлкен ХКК-да өткізу бойынша, сондай-ақ бірқатар ғалымдармен Алматыға ҚазМУ-ға қызметке ауысу мүмкіндігі жайлы келіссөздер жүргізу, ҚазМУ-ға қажетті кітап қорын анықтау, университеттің кабинеттері мен лабораторияларын жабдықтауға арналған құрал-жабдықтарды іздестіру, педагогикалық факультеттің штат құрамын РКФСР-дың Жұмысшы-шаруа инспекциясының халық комиссариатында және оқу жоспарларының алдын ала дайындалған жобаларын Мемлекеттік Ғылыми Кеңесте өткізу, ҚазМУ-



дың Ұйымдастыру комиссиясының жарғысын және университетті ұйымдастыру бойынша ҚазАКСР ХКК-нің Мәскеудегі өкілетті өкілі инструкциясын құрастыру сынды қауырт жұмыстармен айналысты [17].

1928 жылдың көктем-жаз айларында Д. Авксентьевский және Мәскеудегі Қазақ өкілдігінің қызметкерлері ҚазМУ-дың болашақ ректоры және ұйымдастырушысы қызметін атқара алатын кандидатураны анықтау бағытында іздестіру жұмыстарын жүргізді. Бастапқы кезеңде бұл қызметке профессор Г. Черданцевтің кандидатурасы қарастырылған болатын [18]. 1918-1921 жылдары Түркістан Мемлекеттік университетінің ректоры міндетін атқарып, Орта Азия халықтарының экономикалық және мәдени-тұрмыс жағдайымен жақсы таныс болған Г. Черданцев қазақ басшылары тарапынан қолайлы кандидат ретінде танылды. Алайда, бұл уақытта Г. Черданцев РКФСР Мемлекеттік жоспарлау комитетінде кеңесші қызметін атқарып отырғандығына байланысты ҚазМУ-ды басқару ұсынысынан бас тартты. Қазақ АКСР-і Ағарту халық комиссары О. Жандосов өз тарапынан ҚазМУ-дың ректоры қызметіне 1921-1926 жылдар аралығында алдымен Түркістан мемлекеттік университетіне, артынан оның орнында қайта ұйымдастырылған Орта Азия Мемлекеттік университетіне басшылық жүргізген профессор А.Бродскийдің кандидатурасын ұсынып, онымен келіссөз жүргізді [19]. Бірақ, бұл жолы да қазақ басшылығы белгілі ғалымның келісіміне қол жеткізе алмады. ҚазМУ-дың ректоры қызметін атқару Қазақстандағы ЖОО-ды құруға зор үлес қосқан Д. Авксентьевскийдің өзіне де ұсынылды. 1926 жылы Орталықтан Қазақ АКСР Ағарту халық комиссариатының қарауына жіберілген Д. Авксентьевский халық ағарту саласында беделі мен тәжірибесі мол қайраткерлердің бірі ғана болып қоймай, педагогика саласына қатысты жазған ғылыми еңбектерімен де танымал еді. Қазақ республикасының жоғарғы басшылығы қайраткердің Қазақстандағы білім беру және ағарту салаларына, сондай-ақ ҚазМУ-ды құру жолында сіңірген еңбегін жоғары бағалай отырып, аталмыш жоғары оқу орнын басқару ұсынысын алға тартты. Дегенмен, 1927 жылдың аяғында БКП (б) Орталық Комитетінің Д.Авксентьевскийді білікті маман ретінде Орталыққа қызметке алдыртуы оның ҚазМУ-дың ректорлық қызметіне тағайындалуына кедергі келтірді. 1928 жылы Мәскеуде Д. Авксентьевский Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің және Ағарту халық комиссариатының өкілетті өкілі ретінде Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орындарын – Қазақ мемлекеттік университетін, мал дәрігерлік-зоотехникалық институтын және Жұмысшы факультетін құру бағытында қызмет етті.

Бастапқы кезеңде ҚазМУ-дың ректорлық қызметіне қарастырылған профессорлар А. Бродский мен Г. Черданцев, педагог Д. Авксентьевский түрлі себептерге байланысты өз өмірі мен қызметтерін ұзақ уақытқа Қазақстанмен байланыстыруға айтарлықтай ерік танытпады. Өйткені, ҚазМУ-ды ұйымдастыру ішкі мазмұны жағынан алғанда күрделі, ал уақыты жағынан алғанда ұзақ процеске айналары сөзсіз еді. Жаңадан ұйымдастырылып отырған ҚазМУ-дың құрылуы туралы тиісті шешімдер

қағаз жүзінде жоғарғы кеңес органдарымен қабылданғанымен, оларды іс жүзіне асырудың ауқымды жұмысы белгіленді. ҚазМУ-ды ұйымдастыру алғашқы кезеңнен-ақ көптеген қиыншылықтарға тап болды: оқуға жарамды ғимараттардың, қажетті кітап қорының, жабдықталған арнайы кабинеттердің, оқу процесіне жетекшілік жүргізетін білікті мамандардың, оқытушылық құрам мен студенттер жайғасатын тұрғын үйлердің тапшылығы істің қарқын алуына кедергі келтірді. 1928 жылдың 1 қазанында Алматыда болашақ ҚазМУ-дың тек педагогикалық факультетін ашу ғана жоспарланды, ал университеттің толық ұйымдастырылуын аяқтау 1932-1933 оқу жылының басына қарай көзделді. Осы себептен ҚазМУ-дың болашақ ректорына оның ұйымдастыру ісіне ғана жауапты болып қоймай, жергілікті және орталық билік органдарының алдында ҚазМУ-ды нығайтуға бағытталған іс-шаралардың толықтай кешенін негіздеп беру міндеті тұрды. Қалыптасқан қиын жағдайда республика жетекшілігі университеттің ұйымдастыруын және қалыпты қызмет етуін қамтамасыз ете алатын, білім мен ғылым саласымен етене таныс беделді де іскер саяси қызметкерді іздей бастады. 1928 жылы маусым айында Қазақ АКСР Ағарту халық комиссары О. Жандосов Ф.Голощекиннің атына жазған хатта ҚазМУ-дың ректоры қызметіне басқа ғалымдардың бас тартуына орай тек С. Асфендиаровтың кандидатурасы ғана қарастырылып отырғандығы, онымен осы жайында келіссөз жүргізіп, келісімін алғандығы туралы хабарлайды. Сонымен қатар, О. Жандосов хатта ҚазМУ-дың басшылығынан С. Асфендиаровты ҚазМУ-дың ректоры етіп тағайындау мәселесін БКП (б) Орталық Комитетінде шешіп беруді өтінген болатын [20].

ҚазМУ-дың ректорлық қызметіне С. Асфендиаров кандидатурасының ұсынылуы заңдылық еді. Өйткені, 1927 жылы Мәскеу Мемлекеттік университетінде «Шығыс халықтарының тарихы» пәні бойынша студенттерге дәріс оқыған С. Асфендиаров қазақтың арасынан тұңғыш болып профессор ғылыми атағына қол жеткізді. 1927-1928 жылдары Н. Нариманов атындағы Шығыстану институтына басшылық еткен С. Асфендиаров жоғарғы білім мен ғылым салаларымен етене танысып, аталмыш институттың өркендеуіне айтарлықтай үлес қосты. Сонымен қатар, 1925-1928 жылдар аралығында КСРО мен РКФСР-дың Орталық Атқару Комитеттерінің жетекшілік құрамында еңбек еткен С. Асфендиаров өзінің іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілеті арқасында одақтық ауқымдағы белді саяси қайраткерлердің қатарына қосылды. С. Асфендиаров ҚазМУ-ды басқару ұсынысына еш құбылмастан өз келісімін беріп, Қазақстанға қызметке ауысуға ынта білдірді. С. Асфендиаровты Қазақстанға қызметке алдырту және оған ҚазМУ-ды басқару ісін сеніп тапсыру Қазақ республикасы жетекшілігінің тарапынан қабылданған ең алдымен саяси шешім болып, оның дұрыстығын уақыт дәлелдеген болатын.

1928 жылы 15 мамырда РКФСР-дың Үлкен Халкомы Т. Рысқұловтың және Д. Авксентьевскийдің тікелей ат салысуымен Қазақ Мемлекеттік университетін 1928-1929 оқу жылында ашу туралы Кіші Халкомның 10 сәуірде шығарған қаулысын бекітті [21]. Бұл туралы Д. Авксентьевский

өзінің 1928 жылы 15 шілдеде БОАК жанындағы Қазақ АКСР-нің өкілдігіне және Қазақ республикасының Халық Комиссарлар Кеңесіне жолдаған ай сайынғы есепті баяндамасында хабарлаған болатын [22]. Д. Авксентьевскийдің баяндамасына сәйкес 1928 жылдың мамыр-шілде айларының аралығында ҚазМУ-ды ұйымдастыру ісінде келесідей нәтижелерге қол жеткізілді: педагогикалық факультетінің ғылыми қызметкерлер штаты Кәсіптік білім беру Бас басқармасынан және РКФСР Жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссариатынан өткізілді; университет ректорының кандидатурасы анықталынды, оған С. Асфендиаров ұсынылды; Кәсіптік білім беру Бас басқармасынан педагогикалық факультеттің оқу жоспары өткізілді; ҚазМУ-ға жұмысқа ауысуға ерік танытқан ғылыми қызметкерлермен келіссөз жүргізілді; 1928-1929 оқу жылына педагогикалық факультеттің сметасы анықталынып, оның 5-жылдық нығаю жоспарын құрастырылды, 1929-1930 оқу жылында ауыл шаруашылық факультетті ашу туралы мәселе көтерілді. Д. Авксентьевскийдің алға тартқан ұсыныстарына сәйкес ҚазМУ бойынша 1928 жылдың шілде-тамыз айларында шұғыл түрде келесідей шараларды атқару белгіленді: 1) РКФСР Ағарту комиссариатынан ресми әрі шұғыл түрде С. Асфендиаровтың ҚазМУ-дың ректоры етіп тағайындауына қол жеткізу; 2) ректор тағайындалған соң, оның тікелей қатынасуымен Кәсіптік білім беру Бас басқармасында ҚазМУ педагогикалық факультетінің ғылыми қызметкерлері мен профессорларының кандидатураларын анықтау; 3) университеттің физика кабинетін және химия лабораториясын ұйымдастыруға шұғыл кірісу; 4) педагогикалық факультетке студенттерді қабылдаудың шараларын қолға алу, әлеуметтік жағдайы мен академиялық дайындығы жағынан сай студенттердің кандидатураларын жеке анықтау; 5) университет жанындағы қосымша ғылыми мекемелерді (кітапхана, мұражай және т.б.) және студенттер үшін жатақхананың, профессорлық-оқытушылық құрам үшін пәтерлердің ұйымдастырылуын тездету [23].

1928 жылы 10 маусымда өткен Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің мәжілісінде Қазақ Мемлекеттік университеттің ұйымдастырылуы туралы Ағарту халық комиссары О. Жандосовтың баяндамасы тыңдалды. Мәжіліс баяндаманы тыңдай келе, университеттің ұйымдастыру іс-шараларын нақты белгілеген қаулы қабылдады: 1) Алматыда 3 факультеттен (педагогикалық, ауыл шаруашылық және медициналық) тұратын Қазақ Мемлекеттік университетін құру; 2) РКФСР халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысына сәйкес 1928 жылдың 1 қазанынан бірінші курстың құрамында 3 бөлімнен (физика-техникалық, жаратылыстану және тіл-әдебиет) тұратын педагогикалық факультетті ашу; 3) ҚазМУ-дың ауыл шаруашылық факультетін 1929 жылдың 1 қазанында ашылуын қамтамасыз ету; 4) ҚазМУ-дың барлық факультеттерін ашуды 1932-1933 жылдары аяқтау; 5) Ағарту халық комиссариатының жанынан ҚазМУ-дың ұйымдастыруы бойынша 7 адамнан тұратын үкіметтік комиссияны құру, осы комиссия туралы Ағарту халық комиссариатымен ұсынылған ережені бекіту; 6) Комиссияның жеке құрамын ҚазМУ-дың ректоры кандидатурасы РКФСР Ағарту халық

комиссариатымен мақұлданған соң анықтау; 7) Д. Авксентьевскийді Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің Мәскеу қаласындағы ҚазМУ ісі бойынша өкіл ретінде тағайындау; 8) Жетісу губерниялық атқару комитетіне 1 тамызға дейін ҚазМУ-дың педагогикалық факультеті және университеттің ғылыми қызметкерлі үшін қажетті ғимараттар мен пәтерлерді бөлу, босату және жөндеу жұмыстарын аяқтауды ұсыну; 9) ҚазМУ-ды академиялық қызметкерлермен қамтамасыз ету мақсатында ЖОО ғылыми қызметкерлері және шалғайда қызмет ету ережесіне сәйкес қарастырылған жеңілдіктерге қосымша ретінде Орта Азия Мемлекеттік университетінің ғылыми қызметкерлеріне тиесілі жеңілдіктер мен артықшылықтарды беру; 10) Ағарту халық комиссариатына ҚазМУ-ға жұмысқа алынатын қызметкерлерге барлық жағдай жасау, олардың тізімін РКФСР Ағарту халық комиссариаты арқылы РКФСР ХКК-нің бекітуіне ұсыну; 11) ҚазМУ-дың қажеттіліктері үшін республикалық бюджеттен жыл сайын 100 мың сом қаражатты бөлу туралы бұрынғы қаулыны бекіту; 12) ҚазМУ-дың ашылуына байланысты Ташкент қаласындағы Қазпедвузды таратып, оның орнында бұрын қызмет етіп келген Қазақ ағарту институтын орта педагогикалық білім беру мекемесі ретінде құру; 13) Қазпедвуздың барлық мүлкін, ҚазМУ үшін Алматыға көшірілетін оқу-қосымша құрал-жабдықтарды есепке алмағанда қазақ ағарту институтына беру; 14) Қазпедвуздың таратылуы және Қазақ ағарту институтының құрылу мерзімдерін анықтау ісін Ағарту халық комиссариатына тапсыру; 15) Ағарту және Халық комиссариаттарына бір апта мерзімнің ішінде Халық Комиссарлар Кеңесіне университеттің ашылуына бағытталған даярлық іс-шаралардың қажетті шығындар сметасын құрастыруды тапсыру [24].

РКФСР Ағарту халық комиссариаты мен оның жанындағы Кәсіптік білім беру Бас басқармасы бекіткен Қазақ Мемлекеттік университеті Ұйымдастыру комиссиясының жарғысына сәйкес оған 1928 жылы 1 қазанда Алматы қаласында ашылуы жоспарланып отырған ҚазМУ-ға қатысты барлық қажетті жұмыстарды атқару ісі жүктелініп, оның құзырына келесідей міндеттер кірді: а) университеттің қажеттілігі үшін бөлініп берілген ғимараттарды өз қарауына алу; б) Қазақ республикасының немесе РКФСР үкіметі тарапынан бөлінген қаржы есебінен университет ғимараттарына жөндеу жұмыстарын жүргізу; в) университет үшін арнайы жаңа ғимараттарды тұрғызу сметаларын құрастыру және тапсырыстарды ұсыну; г) оқу және әкімшілік-шаруашылық бөлім бойынша университетті ұйымдастыруға байланысты туындап отырған барлық шығындарды өтеу; д) РКФСР Кәсіптік білім беру Бас басқармасының ережелері мен жарлықтарына сәйкес университетке профессорлық-оқытушылық құрамды жұмысқа шақыру; е) 1928 жылы ЖОО қабылдау ережелеріне сәйкес университетке студенттерді қабылдау шарасын іске асыру; ж) ЖОО жарғысына сәйкес ұйымдастыру комиссиясы университеттің басқармасына жүктелген барлық міндеттерді атқару. Жарғы бойынша Ұйымдастыру комиссияның құрамына Ағарту халық комиссары, РКФСР Кәсіптік білім беру Бас басқармасымен бекітілген ректор құқығындағы университетті ұйымдастырушы, БКП (б)

Қазөлкеком үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, Ташкенттегі Қазпедвуз басқармасының мүшесі, Жетісу губерниялық білім беру бөлімінің меңгерушісі немесе оның орынбасары және ҚазМУ істері бойынша Қазақ АКСР-нің Мәскеудегі өкілетті өкілі кіріп, ҚазМУ-дың басқармасы құрылғаннан кейін Ұйымдастыру комиссиясының қызмет ету мерзімі аяқталуы тиіс еді [25].

1928 жылы 1 шілдеде Қазақ АКСР Ағарту халық комиссариаты коллегиясының мәжілісі ҚазМУ-дың ашылуын қамтамасыз ету мақсатында Ұйымдастыру комиссиясын құру туралы қаулы шығарады. Аталған комиссияның құрамына төраға ретінде Ағарту халық комиссары О.Жандосов, орынбасары – ҚазМУ ректоры С. Асфендиаров, мүшелері – ҚазМУ істері бойынша Қазақ АКСР-нің өкілетті өкілі – Д. Авксентьевский, Жетісу губерниялық атқару комитетінің төрағасы – Б. Әбдірахманов, Қазпедвуз ректорының орынбасары – Х. Досмұхамедов, Қазақ АКСР ағарту қызметкерлері одағының Орталық басқармасының төрағасы – Ә. Байдилдин және БКП (б) Қазөлкеком үгіт-насихат бөлімінің өкілі Михайлов кірді [26]. Ұйымдастыру комиссиясының жұмысына жетекшілік жүргізу ісі С.Асфендиаров жүктелінді. Сонымен қатар, осы мәжілісте ҚазМУ-да оқытушылық қызметпен айналысу үшін Ташкенттегі Қазпедвудан Х.Досмұхамедовты, Ә. Ермаковты және А. Байтұрсыновты, Орта Азия Мемлекеттік университетінің профессорлары, белгілі тарихшы-этнографты В. Кунды және орыс тарихының маманы П. Смирновты шақыру туралы қаулы қабылданды [27]. Х. Досмұхамедов пен Ә. Ермаков бұл шақыруды бірден қабыл алған болса, А. Байтұрсынов көпке дейін жеке оқытушылық қызметпен айналысуға дайын емес екендігін сылтауратып, өз келісімін беруге асықпады. Осы себептен Ұйымдастыру комиссияның төрағасы О.Жандосов Ф.Голощекинге жазған хатында ҚазМУ-дың қазақ тілі кафедрасына А. Байтұрсыновтың орнына мамандардың тапшы болу салдарынан Е. Омаровты шақыруға мәжбүр болып отырғандығы туралы хабарлайды [28]. Жоғарыда есімі аталған қызметкерлердің кандидатураларын жоғарғы басшылық алдында бекіту мақсатында О. Жандосов РКФСР Ағарту халық комиссариатының Кәсіптік білім беру Бас басқармасына арнайы хат жолдайды [29]. Ал Орта Азия Мемлекеттік университетінің профессорлары В.Кунмен және П. Смирновпен келіссөздер жүргізіліп, олармен 1928 жылы қыркүйек айында Ташкенттегі іссапар кезінде С. Асфендиаров тікелей кездескенімен, олар саяси себептермен ҚазМУ-ға қызметке ауыса алмады. Өйткені, Ташкент сынды шалғайдағы қалаға жер аударылған бұл саяси сеніміз ғалымдардың Қазақ АКСР-нің болашақ астанасы – Алматыға қызметке ауысуға бір жағынан Кәсіптік білім беру Бас басқармасы қарсы болса, екінші жағынан Орта Азия мемлекеттік университетінің басшылығы жетекші ғалымдардан қол үзуден бас тартты.

1928 жылы 26 маусымда С. Асфендиаров БКП (б) Қазөлкекомның бюросы Қазақ Мемлекеттік университетінің ұйымдастырушысы және ректоры міндетін атқарушы қызметінде ресми түрде бекітілген соң [30], Мәскеу ғылыми ортасындағы өз байланыстарын пайдалана отырып

университетке білікті мамандарды тарту ісін қолға алады. Бастапқы кезеңде ҚазМУ-дың педагогикалық факультеті 3 курстан және 4 бөлімнен тұратындығы күтілгендіктен, 71 кафедра үшін 92 академиялық қызметкер қажет деп танылды. Алайда, 1928 жылы 1 қазанда ашылатын педагогикалық факультеттің курс саны 1-ге, ал бөлім саны 3-ке қысқартылғандықтан, университетте ғылыми-педагогикалық қызметпен айналысуға қажетті қызметкерлердің саны да 3-4 есе кеміген болатын. Осыған байланысты Қазақ АКСР Ағарту халық комиссариатының коллегиясы 1928-1929 оқу жылына қабылданатын студенттердің көлемін 120 адам деп белгілеп, губерниялар бойынша іріктелінетін адамдардың санын 180 адамнан 150 адамға дейін қысқартқан болатын [31]. ҚазМУ-дың педагогикалық факультетіне 40-тан астам ғылыми қызметкерлермен келіссөздер жүргізіліп, олардан алдын-ала келісімдер алынғанына қарамастан, бұл бағыттағы жұмыс өте баяу қарқынмен жүрді. Ғалым-оқытушылардың бір бөлігі Қазақстанға қызмет ауысуға ерік танытқанымен, Кәсіптік білім беру Бас басқармасы олардың кандидатураларына шектеу қойған болса, ғалымдардың екінші бөлігі Қазақстан сынды шалғайда орналасқан ұлттық аймаққа жұмысқа ауысу мүмкіндігіне салқын қарады.

1928 жылы 31 шілдеде Қазақ АКСР Ағарту халық комиссариаты коллегиясы Мәскеу мен Ленинград қалаларына ҚазМУ-дың ғылыми кітапханасының кітап қоры, сондай-ақ лаборатория мен кабинеттері үшін құрал-жабдықтарды сатып алу үшін И. Слонимді аттандыру туралы шешім қабылдайды. Осы мәжілісте ҚазМУ-ға ауыл шаруашылық бейім беру қажет деп табылғандықтан, РКФСР Ағарту халық комиссариатын ҚазМУ-дың оқу жоспарын анықтау кезінде Солтүстік-Кавказ мемлекеттік университетінің оқу жоспарын негізге алғанды сұрау туралы қаулы шығарылып, С.Асфендиаровқа мәскеулік іссапары кезінде осы мәселенің шешілуін қамтамасыз ету, сондай-ақ РКФСР Ағарту халық комиссариатында Алматы қаласында ҚазМУ-дың жанынан жұмысшы факультетін 1928 жылдың күзінде ашуға қол жеткізу тапсырылды. Сонымен қатар, мәжіліс ҚазМУ-ға оқуға түсетін жергілікті ұлт өкілдері үшін қабылдау сынақтарының бағдарламасын жеңілдету мақсатында Ағарту халық комиссары О. Жандосов және оның орынбасары В. Баруличев, сондай-ақ университет ректоры С.Асфендиаров кірген комиссия құрады [32].

1928 жылы қыркүйекте С. Асфендиаров Мәскеу Шығыстану ректоры қызметін босатқан соң, ҚазМУ-дың істері бойынша бірден Ташкент қаласына іссапарға аттанады. С. Асфендиаров Қазпедвуздың материалдық-техникалық базасын Алматыға көшіру жұмыстарына тікелей басшылық жүргізе отырып, Орта Азия Мемлекеттік және коммунистік университеттерінде қызмет еткен алдыңғы қатарлы ғалым-педагогтармен ҚазМУ-ға жұмысқа ауысу мүмкіндігі жөнінде келіссөз жүргізеді. Алайда, ҚазМУ-дың ұйымдастыру ісіне жауапты болған қызметкерлердің Мәскеу және Ташкент қалаларында жүргізген барлық келіссөздеріне қарамастан, ғылыми қызметкерлердің қажетті штатының жасақталуы айтарлықтай кедергіге тап болды. Бұл жағдай туралы О. Жандосов БКП (б) Қазөлкеком басшылығына 1928 жылы 3 қазанда

жолдаған баяндама-хатында ашып көрсеткен болатын: «Университеттің ректоры С. Асфендиаров Ташкенттен жолдаған жеделхатында хабарлап отырғандай Алматыға 1 қазанда сапарға шығады. Бұған дейін С.Асфендиаров ҚазМУ-ға мәлімдегендей Мәскеуде 12 ғылыми қызметкердің келісіміне қол жеткізіп, олар Алматыға біртіндеп қыркүйектің аяғында келе бастайды, алайда бұл қызметкердің ешқайсысы әлі келген жоқ. ҚазМУ-дың оқытушылары Ә. Ермеков пен Х. Досмұхамедов, жұмысшы факультетінің меңгерушісі С. Шейнессон осы жерде. А. Байтұрсынов Қызылордадан Алматыға қарай жол жүріп келе жатыр» [33].

1928 жылы қыркүйек айында С. Асфендиаровтың басшылық етуімен 30 мың сомнан аса соммаға бағаланған бұрынғы Қазпедвуздың оқу жиһаздары мен кабинеттерді жабдықтауға арналған құрал-жабдықтар, кітап қоры Алматыға көшірілді. Мүліктің соңғы бөлігі Алматыға тек 30 қыркүйекте ғана жіберілді. Алматыда ҚазМУ-дың аппаратында небәрі екі-ақ адам – О.Жандосов және Х. Досмұхамедов жұмыс істеді. Бұған сонымен қатар, ҚазМУ-дың бас ғимаратына жөндеу жұмыстарының аяқталмай жатқандығы, сынақтан өтіп жатқан студенттердің аз сандығы, сондай-ақ университетке қажетті мүліктердің республикада тапшы болуы да ықпал етті. Сонымен қатар, ҚазМУ-дың болашақ кітапханасы үшін қажетті оқу материалдарын, кабинеттер мен лабораторияларды жабдықтауға арналған құрал-жабдықтарды Мәскеу және Ленинград қалаларында сатып алу міндеті жүктелген И. Слонимнің хабарға шықпауы кері әсерін тигізді. ҚазМУ-дың профессорлық-оқытушылық құрам орналасатын үйлер де белгіленген мерзімде дайын болмай шықты. Осы мақсатта Алматы колхозы қағаз жүзінде 17 пәтері бар 8 үйді бөліп бергенімен, іс жүзінде оның тек екеуі ғана дайын болды [34].

1928-1929 оқу жылын небәрі 9 адамнан құралған профессорлық-оқытушылық құрам қамтамасыз етуге мәжбүр болды. С. Асфендиаров, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, Ә.Ермеков сынды жергілікті қызметкерлерден құралған профессорлық-оқытушылық құрамды, Мәскеу, Ленинград және Киевтің жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу орталықтардан арнайы шақыртылған профессор Н. Фатовпен (орыс тілі және әдебиеті), Е. Мансұровпен (тарихи материализм және қоғамдық формалардың даму тарихы), В. Потаповпен (математика), Б. Ровинскиймен (физика) және В. Дубошинмен (ағылшын тілі) толықтырылды [35]. 1928 жылдың 1 қарашасына дейін химия және биология пәндері бойынша сырттан оқытушыларды шақыру күтілді. Жоғарыда есімі аталған ғылыми қызметкерлердің барлығы 1928 жылы 18 желтоқсанда ҚазМУ бойынша жарық көрген бұйрыққа сәйкес КСРО-ның шалғай аудандарында қызмет ететін мамандардың қатарына жатқызылып, тиісті жалақымен және артықшылықтармен қамтамасыз етілді. Ал Мәскеуден және Киевтен Қазақстанға қызметке ауысқан С. Асфендиаров, Е. Мансұров және В. Потапов 1927 жылы 11 мамырда РКФСР БОАК-тың және Халық Комиссарлар Кеңесінің «РКФСР-дың шалғай аудандарына мемлекеттік мекемелермен және кәсіпорындармен қызметке жіберілетін тұлғалар үшін

жеңілдіктер туралы» қаулысына сәйкес қосымша төлемдер мен артықшылықтарға ие ғылыми қызметкерлер деп танылды [36].

1928-1929 оқу жылына ҚазМУ-ға тыңдаушыларды қабылдау өзекті мәселелердің қатарына жатып, қабылдау комиссиясының жұмысына тікелей Қазақ АКСР Ағарту халық комиссары О. Жандосов жетекшілік жүргізді. Қабылдау комиссияның құрамына Темірбеков, Орынбаев, Алтынбаев, Сүлеев, Степанов және Столяров мүше ретінде кірсе, сынақ комиссиясының құрамынан 11 адам орын алып, олар математика, қазақ тілі, қоғамтану, орыс тілі және физика пәндері бойынша үміткерлердің білімін тексерді [37]. 1928 жылдың қазан айына дейін ҚазМУ-да білім алуға барлығы 119 адам ерік танытып, тиісті өтініш тапсырды, олардың ішінен 96 адам сынаққа жіберілген болатын. Алайда, осы 96 адамның ішінен 66 адам сынаққа қатынасып, олардың қорытындысы бойынша небәрі 57 адам ғана оқуға қабылданды [38]. Сынаққа жіберілген үміткерлердің 1/3 бөлігі қабылдау емтихандарынан өтпей қалуы ең алдымен олардың дайындығының төмен деңгейде болуымен түсіндірілді. Округтерден аттандырылған жергілікті ұлт өкілдері орыс тілін нашар білу салдарынан сынақтан сүрінді. Бұл жағдайға ҚазМУ ректоры С. Асфендияров та, оның әкімшілік-шаруашылық істері бойынша орынбасары Х. Досмұхамедов та, жоғары басшылыққа жолдаған есепті баяндамаларында назар аударды. Сонымен қатар, оқудың алғашқы айларында-ақ 20-ға жуық студент нашар үлгерімі немесе әлеуметтік шығу тегі бойынша жарамсыз деп табылғандығы үшін университеттен шығарылған болатын [39].

ҚазМУ педагогикалық факультетінің 1-курсына қабылданған 57 тыңдаушының ішінен 30-ы әр түрлі республикалық және облыстық ұйымдармен аттандырылған болса, 17-і өз бетімен келіп түскендер еді, ал қалған 10 студент Ташкенттегі Қазпедвуздан ауыстырылды. ҚазМУ-дың толыққанды студенті атағына қол жеткізген тыңдаушылардың ішінен 32-і қазақ, ал 25-і еуропалық және аз санды ұлт өкілдері болды [40], яғни педагогикалық факультетті ұлттық құрамы жағынан алғанда жасақтаудың пайыздық нормасы (60% – қазақ, қалған 40% – өзге ұлт өкілдері) қатаң сақталынды. Дегенмен, оқуға қабылданған студенттердің саны алдын ала белгіленген жоспарға сай келмегендіктен, қосымша қабылдау жүргізу шешімі қабылданды. Педагогикалық факультетке қажетті қосымша 23 тыңдаушының ішінен 20-сы әр түрлі мекемелердің тарапынан оқуға жіберілетіндігі күтілді [41]. 1928 жылдың қазан айында жүргізілген қосымша қабылдаудың нәтижесінде ҚазМУ-дың педагогикалық факультетіне 23 адамның орнына 63 студент оқуға қабылданып, БКП (б) Қазөлкекомның үлестіруі бойынша әр түрлі ұйымдардан аттандырылған студенттер уақытша мемлекеттік стипендианттар деп есептелінді [42].

1928 жылдың қыркүйек және қазан айларында жүргізілген қабылдаудың нәтижесінде барлығы 124 студент қабылданып, олардың 28 қыз бала болды. Педагогикалық факультеттің 3 бөліміне студенттер келесідей сандық арақатынаста үлестірілді: физика-техника бөлімі – 37, жаратылыстану бөлімі – 38, тіл және мәдениет бөлімі – 49 студент. Нақ осы соңғы бөлімде ғана



студенттер тілдік ерекшеліктеріне қарай бөлініп, қазақ бөлімінде 24, ал орыс бөлімінде 25 студент білім алуға даярланып жатты [43]. 1928-1929 оқу жылына қабылданған 124 студенттің ішінен 50-і шәкіртақымен қамтамасыз етілетін студенттердің қатарына жатқызылды [44].

С. Асфендияров негізін қалаған Қазақ Мемлекеттік университетінің заңды мұрагері – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті былтыр өзінің 85-жылдық мерейтойын атап өтті. Қазіргі уақытта еліміздегі жоғары білім мен ғылымның қара шаңырағына айналып үлгерген ҚазҰПУ-да 11 факультет және 60 кафедра бар. Оларда тәуелсіз республиканың педагогика мен ғылым салалары үшін 54 мамандық бойынша білікті мамандарды даярлау жүргізіліп отыр. Университеттің күндізгі, кешкі, сырттай және дистанциялық оқу бөлімдерінде 12 мыңнан астам студент білім алып жатыр. Бүгінгі таңда Абай атындағы ҚазҰПУ-дың мұндай айтарлықтай табыстарға қол жеткізуіне профессор С. Асфендияровтың және оның қол астында осы университетте әр түрлі жылдары қызмет еткен таңдаулы қазақ зиялыларының қалаған іргетасы мен сіңірген ерен еңбегі мүмкіндік бергендігін ұмытпаған жөн.

#### Әдебиеттер және деректер көрсеткіші:

1 Сулейменов Р.Б. Первый казахский историк-марксист // Вестник АН Казахской ССР. – 1966. – №9 (257). – С. 65-76; Соныкі. Видный деятель социалистического строительства в Средней Азии и Казахстане, ученый востоковед // Санджар Джафарович Асфендияров. (Сборник научных статей). Составлен из материалов научной конференции посвященной 100-летию со дня рождения С.Д. Асфендиярова (Алма-Ата, октябрь 1989 г.). – Алма-Ата: КазПИ им. Абая, 1990. – С. 3-26; Соныкі. С. Дж. Асфендияров – востоковед. Шығыс = SHYGYYS. – 2006. – №1. – С. 14-26; Абжанов Х.М. С. Асфендияров о культуре, науке и интеллигенции // Санджар Джафарович Асфендияров. (Сборник научных статей). Составлен из материалов научной конференции посвященной 100-летию со дня рождения С.Д. Асфендиярова (Алма-Ата, октябрь 1989 г.). – Алма-Ата: КазПИ им. Абая, 1990. – С. 27-43; Керімов Л., Қиясова Б. С. Асфендияров елжандылық тәрбие туралы // Қазақстан мектебі. – 2001. – №8. – 30-33 бб.; Берлібаев Б. С.Д. Асфендияровтың тарихи білімді дамыту туралы // Ізденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. 2006. № 1. 300-306 бб.; Исабек М.Қ. Санжар Асфендияровтың Қазақстан тарихын оқыту үрдісіне қосқан үлесі // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы = Вестник КазНУ. Серия историческая. – 2009. – №2. – 252-258 бб.; Жұмабаева М. Асфендияров – тұңғыш марксист тарихшы // Қазақ тарихы. – 2010. №6 (105). – 23-24 бб. және т.б.

2 Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессорлар мен оқытушылары. – Алматы: 2008. – 736 б.; Тарихтың тағлым айдыны (Абай атындағы ҚазҰПУ-дың тарих факультеті 75 жыл). – Алматы: «Атамұра», 2009. – 288 б.; Абай атындағы ҚазҰПУ-дың тарих факультеті және оның педагогикалық, ғылыми кадрларды дайындаудағы рөлі: тарихы

мен бүгіні: университет аралық ғылыми-теориялық конференция материалдары (11 желтоқсан 2009 ж.). – Алматы, Абай атындағы ҚазҰПУ, «Өлке» баспасы, 2009. – 472 б.; Ағыбай Қ. Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945 жж.) // Ұлт тағылымы = Достояние нации. – 2009. – № 4. – 200-202 б.; Манкеев Н.Б. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде жоғары білім беру жүйесінің қалыптасып, дамуы // «Жоғарғы педагогикалық білім беру жүйесіндегі инновациялық үрдістер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы, 17 сәуір 2010. Алматы, 2010. – 317-322 бб.; Соныкі. Бәймен Алманов // Қазақ тарихы. – 2010. – № 6. – 25-28 бб. Соныкі. Қазақтың тұңғыш жоғары оқу орнын кімдер басқарды? // Қазақ тарихы. – 2011. – №3. – 9-16 бб. және т.б.

3 Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚРОММ). Р-5-қ. 9-т. 162-іс. 65 п.

4 ҚРОММ. Р-5-қ. 9-т. 162-іс. 86-88 пп.

5 ҚРОММ. Р-81-қ. 1-т. 1290-іс. 15 п.

6 ҚРОММ. Р-30-қ. 1-т. 1199-іс. 24 п.

7 ҚРОММ. Р-30-қ. 1-т. 1199-іс. 21 п.

8 ҚРОММ. Р-81-қ. 1-т. 1373-іс. 22-24 пп.

9 Авксентьевский Д.А. Казахский государственный университет. – Кызыл-Орда: Казахское государственное издательство, 1927.

10 ҚРОММ. Р-5-қ. 8-т. 32-іс. 187-187 а.п.

11 Первый Казахский институт в Ташкенте (сборник документов и материалов). Ответственный редактор д.и.н., проф. С. Тилеукулов. – Ташкент: Zar-qalam, 2005. – С. 98.

12 Авксентьевский Д.А. Казахский государственный университет. – Кызыл-Орда: Казахское государственное издательство, 1927.

13 Авксентьевский Д.А. Казахский государственный университет. – Кызыл-Орда: Казахское государственное издательство, 1927.

14 ҚРОММ. Р-30-қ. 1-т. 821 б-іс. 66-68 пп.

15 ҚРОММ. Р-30-қ. 1-т. 821 б-іс. 68 п.

16 ҚРОММ. Р-30-қ. 1-т. 933-іс. 23 п.

17 ҚРОММ. Р-30-қ. 1-т. 933-іс. 23 п.

18 ҚРОММ. Р-30-қ. 1-т. 933-іс. 88 п.

19 ҚРОММ. Р-30-қ. 1-т. 933-іс. 88 п.

20 ҚРОММ. Р-30-қ. 1-т. 933-іс. 119 п.

21 ҚРОММ. Р-30-қ. 1-т. 757-іс. 54-56 пп.; Р-81. 1-т. 1379-іс. 39-40 пп.

22 ҚРОММ. Р-30-қ. 1-т. 757-іс. 39, 54 а.п.

23 Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты (ҚРПМ). 141-қ. 1-т. 2243-іс. 35 п.; ҚРОММ. Р-81-қ. 1-т. 1379-іс. 76 п.

24 ҚРПМ. 141-қ. 1-т. 2243-іс. 35 п.

25 ҚРОММ. Р-81-қ. 1-т. 1379-іс. 36 п.

26 ҚРОММ. Р-30-қ. 1-т. 734-іс. 252 п.

27 ҚРОММ. Р-30-қ. 1-т. 734-іс. 252-253 пп.

28 ҚРОММ. Р-30-қ. 821 в-іс. 48 п.

- 29 ҚРОММ. Р-30-қ. 1-т. 933-іс. 89-89 а.п.  
 30 ҚРОММ. Р-81-қ. 1-т. 1361-іс. 21 п.; Р-1142-қ. 1-т. 1-іс. 2 п.  
 31 ҚРОММ. Р-81-қ. 1-т. 1361-іс. 21 п.  
 32 ҚРПМ. 141-қ. 1-т. 2243-іс. 35 п.  
 33 ҚРОММ. Р-81-қ. 1-т. 1379-іс. 74 п.  
 34 Ашимбаев Д., Хлюпин В. Қазақстан: история власти. Опыт реконструкции. – Алматы: Credos, 2008. – С. 286.  
 35 ҚРОММ. Р-81-қ. 1-т. 1379-іс. 72 п.  
 36 ҚРОММ. Р-81-қ. 1-т. 1361-іс. 89 п.  
 37 ҚРПМ. 141-қ. 1-т. 2252-іс. 14 п.  
 38 ҚРПМ. 141-қ. 1-т. 2252-іс. 14 а.п. – 15 п.  
 39 ҚРОММ. Р-1142-қ. 1-т. 1-іс. 4 п.  
 40 ҚРОММ. Р-30-қ. 1-т. 639-іс. 112 – 112 а.п.  
 41 ҚРОММ. Р-30-қ. 1-т. 639-іс. 113 п.  
 42 ҚРОММ. Р-1142-қ. 1-т. 1-іс. 5 а.п.  
 43 ҚРОММ. Р-1142-қ. 1-т. 1-іс. 16-17 пп.  
 44 ҚРПМ. 2-қ. 1-т. 73-іс. 20 п.  
 45 ҚРОММ. Р-30-қ. 1-т. 639-іс. 115 п.  
 46 ҚРОММ. Р-30-қ. 1-т. 639-іс. 152 п.

### **References**

1 Sulejmenov R.B. Pervyj kazahskij istorik-marksist // Vestnik AN Kazahskoj SSSR. – 1966. – №9 (257). – S. 65-76; Sonyki. Vidnyj dejatel' socialisticheskogo stroitel'stva v Srednej Azii i Kazahstane, uchenyj vostokoved // Sandzhar Dzhafarovich Asfendiarov. (Sbornik nauchnyh statej). Sostavlen iz materialov nauchnoj konferencii posvjashhennoj 100-letiju so dnja rozhdenija S.D. Asfendiarova (Alma-Ata, oktjabr' 1989 g.). – Alma-Ata: KazPI im. Abaja, 1990. – S. 3-26; Sonyki. S. Dzh. Asfendiarov – vostokoved. Shygys = SHYGYS. – 2006. – №1. – S. 14-26; Abzhanov H.M. S. Asfendiarov o kul'ture, nauke i intelligencii // Sandzhar Dzhafarovich Asfendiarov. (Sbornik nauchnyh statej). Sostavlen iz materialov nauchnoj konferencii posvjashhennoj 100-letiju so dnja rozhdenija S.D. Asfendiarova (Alma-Ata, oktjabr' 1989 g.). – Alma-Ata: KazPI im. Abaja, 1990. – S. 27-43; Kerimov L., Kijasova B. S. Asfendijarov elzhandylyk tәрbie туралы // Қазақстан мектебі. – 2001. – №8. – 30-33 бб.; Berlibaev B. S.D. Asfendiyarovtyn tarihi bilimdi damytu туралы // Izdenis. Gumanitarlyk gylymdar serijasy. 2006. №1. 300-306 бб.; Isabek M.Қ. Sanzhar Asfendijarovtyn Kazақstan tarihyн okytu urdisine koskan ulesi // ҚазУУ habarshysy. Tarih serijasy = Vestnik KazNU. Serija istoricheskaja. – 2009. – №2. – 252-258 бб.; Zhumabaeva M. Asfendijarov – tungysh marksist tarihshy // Қазак tarihy. – 2010. №6 (105). – 23-24 бб. zhane t.b.

2 Abaj atyndagy Kazak ulttyk pedagogikalyk universitetinin professorlar men okytushylary. – Almaty: 2008. – 736 б.; Tarihtyn taglym ajdyny (Abaj atyndary KazUPU-dyn tarih fakul'teti 75 zhyl). – Almaty: «Atamyra», 2009. – 288 б.; Abaj atyndagy KazUPU-dyn tarih fakul'teti zhane onyn pedagogikalyk, gylymi

kadrlardy dajyndaudagy roli: tarihy men bugini: universitet aralyk gylymi-teorijalyk konferencija materialdary (11 zheltoksan 2009 zh.). – Almaty, Abaj atyndagy KazUPU, «Olke» baspasy, 2009. – 472 b.; Agybaj K. Al-Farabi atyndagy kazak ulttyk universiteti Uly Otan sogysy zhyldarynda (1941-1945 zhzh.) // Ult tagylymy = Dostojanie nacji. – 2009. – № 4. – 200-202 b.; Mankeev N.B. Abaj atyndagy Kazak Ulttyk pedagogikalyk universitetinde zhogary bilim beru zhujesinin kalyptasyp, damuy // «Zhogargy pedagogikalyk bilim beru zhujesindegi innovacijalyk urdister» atty halykaralyk gylymi-praktikalyk konferencija materialdary. Almaty, 17 sauir 2010. Almaty, 2010. – 317-322 bb.; Sonyki. Bøjmen Almanov // Kazak tarihy. – 2010. – № 6. – 25-28 bb. Sonyki. Kazaktyn tungysh zhogary oku ornyn kimder baskardy? // Kazak tarihy. – 2011. – №3. – 9-16 bb. zhane t.b.

3 Kazakstan Respublikasynyn Ortalyk memlekettik muragaty (KROMM). R-5-k. 9-t. 162-is. 65 p.

4 KR OMM. R-5-k. 9-t. 162-is. 86-88 pp.

5 KR OMM. R-81-k. 1-t. 1290-is. 15 p.

6 KR OMM. R-30-k. 1-t. 1199-is. 24 p.

7 KR OMM. R-30-k. 1-t. 1199-is. 21 p.

8 KR OMM. R-81-k. 1-t. 1373-is. 22-24 pp.

9 Avksent'evskij D.A. Kazahskij gosudarstvennyj universitet. – Kzyl-Orda: Kazahskoe gosudarstvennoe izdatel'stvo, 1927. – S. 7.

10 KR OMM. R-5-k. 8-t. 32-is. 187-187 a.p.

11 Pervyj Kazahskij institut v Tashkente (sbornik dokumentov i materialov). Otvetstvennyj redaktor d.i.n., prof. S. Tileukulov. – Tashkent: Zar-qalam, 2005. – S. 98.

12 KR OMM. R-30-k. 1-t. 821 b-is. 66-68 pp.

13 KR OMM. R-30-k. 1-t. 821 b-is. 68 p.

14 KR OMM. R-30-k. 1-t. 933-is. 23 p.

15 KR OMM. R-30-k. 1-t. 933-is. 23 p.

16 KR OMM. R-30-k. 1-t. 933-is. 88 p.

17 KR OMM. R-30-k. 1-t. 933-is. 88 p.

18 KR OMM. R-30-k. 1-t. 933-is. 119 p.

19 KR OMM. R-30-k. 1-t. 757-is. 54-56 pp.; R-81. 1-t. 1379-is. 39-40 pp.

20 KR OMM. R-30-k. 1-t. 757-is. 39, 54 a.p.

21 Kazakstan Respublikasy Prezidentinin muragaty (KRPM). 141-k. 1-t. 2243-is. 35 p.; KR OMM. R-81-k. 1-t. 1379-is. 76 p.

22 KR PM. 141-k. 1-t. 2243-is. 35 p.

23 KR OMM. R-81-k. 1-t. 1379-is. 36 p.

24 KR OMM. R-30-k. 1-t. 734-is. 252 p.

25 KR OMM. R-30-k. 1-t. 734-is. 252-253 pp.

26 KR OMM. R-30-k. 821 v-is. 48 p.

27 KR OMM. R-30-k. 1-t. 933-is. 89-89 a.p.

28 KR OMM. R-81-k. 1-t. 1361-is. 21 p.; R-1142-k. 1-t. 1-is. 2 p.

29 KR OMM. R-81-k. 1-t. 1361-is. 21 p.

30 KR PM. 141-k. 1-t. 2243-is. 35 p.

- 31 KR OMM. R-81-k. 1-t. 1379-is. 74 p.  
32 Ashimbaev D., Hljupin V. Kazakhstan: istorija vlasti. Opyt rekonstrukcii. –  
Almaty: Credos, 2008. – S. 286.  
33 KR OMM. R-81-k. 1-t. 1379-is. 72 p.  
34 KR OMM. R-81-k. 1-t. 1361-is. 89 p.  
35 KR PM. 141-k. 1-t. 2252-is. 14 p.  
36 KR PM. 141-k. 1-t. 2252-is. 14 a.p. – 15 p.  
37 KR OMM. R-1142-k. 1-t. 1-is. 4 p.  
38 KR OMM. R-30-k. 1-t. 639-is. 112 – 112 a.p.  
39 KR OMM. R-30-k. 1-t. 639-is. 113 p.  
40 KR OMM. R-1142-k. 1-t. 1-is. 5 a.p.  
41 KR OMM. R-1142-k. 1-t. 1-is. 16-17 pp.  
42 KR PM. 2-k. 1-t. 73-is. 20 p.  
43 KR OMM. R-30-k. 1-t. 639-is. 115 p.  
44 KR OMM. R-30-k. 1-t. 639-is. 152 p.

**А.А. Джунисбаев**

(Институт Истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова,  
научный сотрудник)

## **ИСТОРИЯ СОЗДАНИЯ КАЗАХСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА (1925-1928 ГГ.)**

### **Резюме**

В данной научной статье на основе ранее не опубликованных архивных документов исследована история создания первого высшего учебного заведения на территории Казахстана – Казахского Государственного университета (нынешний КазНПУ имени Абая). Автор широко используя данные исторических документов смог описать процесс создания КазГУ в хронологическом порядке начиная с момента обсуждения данного вопроса высшими органами государственной власти КазАССР и РСФСР и до момента открытия вуза осенью в 1928 г. В результате национально-государственного размежевания в период с 1924-1928 гг. Казахская АССР вынуждена была подготавливать педагогические и научные кадры за пределами республики. К имевшему общереспубликанское значение делу создания КазГУ были привлечены такие видные государственные деятели как С. Асфендиаров, О. Джандосов, Т. Рыскулов, А. Досов. Благодаря их активной деятельности в январе 1927 года СНК РСФСР принимает решение о создании КазГУ, которое дало толчок к осуществлению комплекс мер направленных на создание вуза. Для организации КазГУ в Казахстан специально был отозван талантливый ученый и крупный организатор профессор С. Асфендиаров, который был назначен первым ректором будущего вуза. Открывшийся осенью 1928 года Казахский Государственный

университет в течение короткого времени превратился в центр подготовки педагогических кадров республики.

**Ключевые слова:** Санжар Асфендиаров, Казахский Государственный университет, Казахская АССР, Народный комиссариат просвещения, ректор

**A.A. Junisbaev**

(Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch.Valikhanov,  
research fellow)

## **THE HISTORY OF THE KAZAKH STATE UNIVERSITY'S FOUNDATION (1925-1928)**

### Summary

In this paper the author researched the history of founding the 1-st higher educational institution at the territory of Kazakhstan – the Kazakh State University (at the present time – KazNPU named after Abai). The study is based on the archival data which was not published before. Using the wide range of historical documents' data, the author narrated about the process of KazGU founding in chronological order, starting from the moment of discussing this issue by the highest authorities of KazASSR and RSFSR to the moment of its opening in the autumn of 1928. In result of national-state dividing in the period of 1924-1928, the Kazakh ASSR had to prepare its pedagogical and scientific staff abroad. The following prominent statesmen were involved into this issue having a great importance for the republic. Due to their activity, in January, 1927 the SNK of RSFSR issues decision on foundation of KazGU, this resulted in measures aimed at foundation of this higher educational institution. A talented scholar and manager, professor S. Asfendiarov was returned to the republic specially for this issue. He was appointed the 1-st rector of this university. The Kazakh State University which opened in the autumn of 1928 became a center of training for pedagogical staff of the republic in a short time.

Keywords: Sanjar Asfendiarov, the Kazakh State University, the Kazakh ASSR, the National commissariat of education, the rector.